

«6D020700 – Аударма ісі» мамандығы бойынша
Философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуші
Манапбаева Жаннура Жарқанбековнаның
«С. Елубайдың “Ақ боз үй” романындағы ұлттық реалиялардың орыс және
ағылшын тілдеріндегі аудармаларының барабарлығы»
атты диссертациясына
АНДАТПА

Қазақ тіліндегі көркем шығармаларды өзге тілдерге аудару жұмысы ХІХ ғасырдың орта тұсынан басталған-ды. Дәл осы тұста қазақ аударматану ғылымы қалыптаса бастады. Кеңес үкіметі тұсында қазақ тіліндегі шығармалар орыс тіліне кеңінен аударылғанымен, әлемдік тілдерге аудару дұрыс қолға алынбаған болатын. Соңғы жылдары «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы аясында төл әдебиетімізді БҰҰ-ның алты тіліне аудару жұмысы жүріп жатыр. Бұл жоба Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі. Осыған орай Ұлттық аударма бюросының жұмысы аясында бірқатар қаламгерлеріміздің шығармалары шет тілдеріне тәржімаланды.

Әлемдік тілдерде жарық көріп жатқан төл туындыларымыздың аудармаларын талдау жұмысы да кеңінен қолға алына бастады. Қазіргі таңда өзге тілдерде, атап айтқанда, ағылшын тілінде басылып шыққан туындыларымыздың аудармаларының сапасы үлкен мәселеге айналған, себебі олардың көпшілігі аралық орыс тілі арқылы аударылады. Осы аудармалар негізінде жүргізілген зерттеулерді қарасақ, кез-келгенінде аударма мәтіндегі семантикалық қателіктер туралы сөз қозғалады. Қазақ тілімен қатар қолданылатын ресми тіл болғандықтан, орыс тіліндегі аудармалардың сапасын анықтау біздің аударматанушылар үшін де, жалпы реципиенттер үшін де біршама жеңіл. Ал елімізде шет тілі саналатын ағылшын, т.б. тілдердегі аудармалардың сапасы турасында ақпарат аз. Оған қоса, ағылшын тілді оқырмандардың пікірін алу да қол жетімсіз. Төл әдебиетіміздің, төл мәдениетіміздің әлемге қандай сапада таныстырылып жатқанынан бейхабармыз. Осы орайда әлем тілдерінде жарық көріп жатқан аудармаларды ғылыми тұрғыда зерттеудің өзекті қажеттілігі туындады. Мұндай зерттеулер қазақтың ұлттық құндылықтарын ашуға ықпал ететін «Мәңгілік ел» мемлекеттік жобасының ұлттық идеясының мақсаттарына жауап береді.

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Докторлық диссертациялық жұмыс белгілі қазақ жазушысы С. Елубайдың “Ақ боз үй” роман-трилогиясындағы қазақ ұлттық реалияларының орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармада берілу барабарлығын, аударма стратегиялары мен тәсілдерін, олардың тиімділігін, қандай да бір тәсілді таңдауға әсер ететін факторларды, реалия аудармаларында кездесетін қателіктерді зерттеуге арналған.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. С. Елубайдың «Ақ боз үй» роман-трилогиясы осы уақытқа дейін аударматану саласында тарихи реалиялардың тәржімасы

тұрғысынан, мәдени аударма аспектісінен қарастырылды. Дегенмен, трилогиядағы ұлттық реалиялардың аудармасы жеке зерттеу нысаны ретінде алынбаған әрі трилогияның екінші және үшінші кітаптарының аударылуы зерттеу еңбектерінде қарастырылмаған.

Аударматанудағы реалия мәселесінің өзектілігі жоғары. Реалия баламасыз лексиканың бір түрі болғандықтан оны аудармада барабар беру аудармашы үшін үлкен міндетке айналады. Осы баламалылық пен барабарлық мәселелері әлемдік аударматануда әлі де шешімін таппай келеді. Оған қоса, қазақ тіліндегі реалиялардың басқа тілдерге аударылуы туралы зерттеулер санаулы.

Кейінгі жылдары қазақстандық аударматануда реалия тақырыбындағы зерттеулердің саны жылдан жылға артып келгенімен, олардың сипаты негізінен дескриптивті. Мұндай зерттеулерде қандай да бір шығармадағы реалиялар мен олардың аударма тіліне қандай тәсіл арқылы аударылғандығы сипатталады, ұлттық-тарихи ақпараттың сақталуы не сақталмауы деңгейі анықталады, бірақ болашақ аудармашыларға нұсқау боларлық прескриптивті тұжырымдар жеткіліксіз. Сол себепті, қазақ тіліндегі көркем шығармаларды, әсіресе баламасыз реалияларды өзге тілдерге аударуда қолданылатын ережелерді, барабарлық талаптарын тұжырымдаудың маңызы зор.

Қазақстандық аударматануда реалиялардың аудармалары турасындағы зерттеулер қандай да бір реалия-сөздің белгілі бір микроконтекстегі аудармасын қарастыратын микроскопиялық талдауларға негізделді. Сол себепті, реалияларды түпнұсқа мәтін мен аударма мәтіндегі барлық қолданыстарының санын, ретін, сипатын, т.б. ескеретін макроскопиялық тұрғыда зерттеудің өзектілігі айқындалып отыр. Мұндай зерттеулер корпусстық лингвистика әдістерін пайдалануды қажет етеді және қазіргі таңда мұндай үрдіс әлемдік аударматануда кеңінен байқалады. Осындай зерттеулер аясында ағылшын, т.б. әлем тілдерінің параллель корпустары жасалып, автоматтандырылуда. Мұндай технологияларды қазақ аударматануына да енгізу кезек күттірмейтін жұмысқа айналуы тиіс.

Зерттеудің нысаны – С. Елубайдың “Ақ боз үй” трилогиясы және оның орыс (“Одинокая юрта”, аударған: Л. Космухамедова, “Молитва” және “Бранный мир”, аударған: А.Ж. Жақсылықов) және ағылшын тілдеріндегі (“Lonely yurt”, аударған: К.Фитцпатрик) аудармалары.

Зерттеу жұмысының материалдары. С. Елубайдың “Ақ боз үй” трилогиясынан алынған қазақ ұлттық реалиялары мен олардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларынан тұратын үш тілді параллель корпус. Корпусқа 420-ға жуық реалия-сөздің 2555 микроконтекстегі қолданыстары мен метареалияның 80-ге жуық қолданыстары кіреді.

Зерттеу жұмысының пәні. Диссертацияда реалия-сөздер мен метареалиялардың жіктемесі, көркем мәтіндегі сипаты, орыс және ағылшын тілдеріне берілу тәсілдері мен аударма барабарлығы қарастырылады.

Зерттеудің мақсаты – С. Елубайдың “Ақ боз үй” романындағы ұлттық реалиялардың орыс және ағылшын тілдеріне берілу барабарлығын анықтау. Аталған мақсатты орындау үшін келесі **міндеттер** қойылды:

- аударматанудағы реалия түсінігін, жіктемесін, өзге тілдік бірліктерден айырмашылығын, мәтіндегі қызметін анықтай отырып зерттеудің теориялық базасын айқындау;

- көркем шығармадағы реалияны аудару стратегияларын, тәсілдері мен техникаларын талдау;

- С. Елубайдың “Ақ боз үй” романын аударма алдында талдау, романдағы ұлттық-тарихи лексикалық ерекшеліктерді ашу, ұлттық реалияларды анықтау және жіктеу;

- романдағы реалия-сөздер мен метареалиялардың аударылу тәсілдері бойынша сандық талдауын жасау, доместикация және форенизация деңгейін анықтау;

- роман-трилогиядағы реалия-сөздер мен метареалиялардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларының барабарлығын талдау және ең жиі кездесетін қателіктерді анықтау;

- реалия аудармасының барабарлығына қойылатын талаптарды нақтылау;

- аудармашының таңдауына негіз болатын факторлар мен барабарлыққа жетудің ең ұтымды тәсілдерін анықтау;

- көркем прозадағы реалия аудармасының негізгі ережелерін, аудармашыларға арналған кеңестерді тұжырымдау.

Зерттеу жұмысында қолданылған әдіс-тәсілдер. Зерттеу барысында мәтінге аударма алдындағы талдау жасалды. Түпнұсқадағы реалиялар анықталып, олардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары кіретін үш тілді параллель корпус жасақталды. Корпус реалия аудармаларына микроскопиялық және макроскопиялық талдау, статистикалық талдау жасауға мүмкіндік берді. Реалия аудармаларының барабарлығын айқындау мақсатында компоненттік талдау, лексика-семантикалық талдау, салыстырмалы-салғастырмалы талдау, этимологиялық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері ретінде отандық және шетелдік зерттеушілердің этномәдени бірліктердің, реалиялардың аударылуы турасындағы іргелі еңбектері алынды. Жұмыста А. Алдашева, С. Абдрахманов, Г.Бельгер, Ж.Д. Дәдебаев, Л.Н. Дәуренбекова, А.С. Ермагамбетова, Т.О. Есембеков, А.Ж. Жақсылықов, Ж.А. Жақыпов, А.Қ. Жұмабекова, М.Е. Куантаева, Ә.С. Тарақов, т.б. секілді отандық ғалымдардың және Ф. Айсела, И.С. Алексеева, М.Л. Алексеева, Л.С. Бархударов, С. Баснетт, М. Бейкер, Л. Венути, В.С. Виноградов, С. Влахов пен С.Флорин, И.К. Ербулатова, И. Левый, Р. Леппихалме, И.К. Мирзаев, П. Ньюмарк, Я.И.Рецкер, Г. Тури, А.В. Федоров, Н.А. Фененко, Дж. Холмс, С. Хэрви және Я.Хиггинс, Г.В. Чернов, Г.В. Шатков, А.Д. Швейцер, И. Эспиндола, т.б. секілді шетелдік ғалымдардың еңбектері пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Берілген диссертациялық жұмыста аударматану саласындағы реалия ұғымына жан-жақты талдау жасалды. Реалияның

өзге тілдік бірліктерден айырмашылығы анықталып, негізгі екі белгісі айқындалды: аударма тілінде не мәдениетінде баламасының болмауы және ұлттық-тарихи бояуының болуы. Мәтіндегі сөз не сөз тіркесі түрінде көрініс табатын реалиялармен қатар, мәтінде меңзелетін, жасырылатын метареалия ұғымы ашылды. Реалия-сөздер мен метареалиялардың тақырыптық, тілдік, уақыттық, мекендік, аудармашылық, т.б. жіктемелері толық талданды. Үштілді параллель корпуссты пайдалану нәтижесінде реалияның түпнұсқа мәтіндегі және аударма мәтіндегі траекториясы ұғымы ашылды. Бұл ұғым реалияның аудармасына әсер ететін факторлардың бірі ретінде сипатталды.

Қазіргі таңға дейін ұсынылған реалиялардың аудармада берілу тәсілдерінің таксономиялары талданды және метареалиялардың аударма тәсілдері анықталды. Метареалиялардың аударма тәсілдері анықталды. Көркем прозадағы реалияның аудармасына қойылатын барабарлық талабы нақтыланды: көркем прозадағы реалияның аудармасында реалияның денотативті мағынасы мен ұлттық-тарихи бояуымен қатар лексикалық мағынасындағы семантикалық компоненттердің контекстуалдық маңызы, реалияның формасы ескерілуі керек әрі аударма көркем проза стилімен үйлесуі тиіс. Реалия аудармасында кездесетін қателіктердің түрлері толықтырылды: анантропизм және дидактикалық аударма қателіктері типтері анықталды.

Зерттеудің практикалық маңызы. Жұмыста реалия аудармалары бойынша жан-жақты, әрі терең практикалық нәтижелер алынды. Зерттеудің ең негізгі практикалық жетістігі – реалиялардың аудармаларын талдауда үш тілді параллель корпусстың қолданылуы. Бұл корпуссты «Ақ боз үй» трилогиясының ағылшын тіліне аударылмаған екінші және үшінші кітаптарын тәржімалауда қолдануға болады. Ұсынылған зерттеу әдісін аударматанушылық зерттеулерде, қазақ тілінің параллель корпусын жасауға үлгі ретінде қолдануға болады.

Зерттеу жұмысы нәтижесінде алынған қорытындылар мен тұжырымдамаларды аударма теориясы мен тәжірибесі бойынша арнайы курстар даярлауда, көркем аударма тәжірибесі пәнінде оқу материалдары ретінде, аударма ісі мамандығы бойынша оқу-әдістемелік құралдарын жасауда, қазақ ұлттық реалиялары мен олардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларынан тұратын үштілді аударма сөздіктері мен анықтамалар құрастыруда, қазақ тіліндегі ұлттық көркем фильмдерді тәржімалауда пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының жаңалығы. Зерттеу жұмысында:

- С. Елубайдың “Ақ боз үй” трилогиясындағы ұлттық реалиялардың орыс және ағылшын тілдеріне берілу барабарлығы аударма ғылымының теориясы тұрғысынан алғаш рет қарастырылып отыр;

- дәстүрлі реалия-сөздермен қатар интермәтін түрінде көрініс табатын метареалиялардың да аудармада берілу тәсілдері алғаш рет қарастырылды;

- қазақ аударматануында зерттеу нәтижелерінің дәлдігін қамтамасыз ету мақсатында алғаш рет ұлттық реалиялардың үш тілді параллель корпусы пайдаланылды;

- үш тілді параллель корпусын пайдалану нәтижесінде реалиялардың түпнұсқа мен аударма мәтіндердегі траекториясы ұғымы айқындалды, ауқымды мәліметтер негізінде аудармалардың доместикация және форенизация деңгейі анықталды;

- көркем прозадағы реалия аудармасының траекториясына әсер ететін факторлар толықтырылды;

- реалия аудармасында кездесетін қателіктердің типтері толықтырылды;

- көркем прозадағы реалияны аударудың ең ұтымды тәсілі ретінде транскрипция/транслитерация мен мәтін ішіндегі экспликация ұсынылды;

- көркем прозадағы реалияларды аударудың бөгде мәдениетті сыйлау, үнемділік, тіркесімділік, бірізділік ережелері алғаш рет тұжырымдалды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- реалия сөз және сөз тіркестерімен қатар, мәтіндегі интермәтіндік элементтер түрінде де көрініс табады;

- аударматанушылардың еңбектерінде әр түрлі аталғанымен, аударма тәсілдерінің мән-мағынасы шамалас;

- романдағы реалиялар мен оның аудармаларынан құралған үш тілді параллель корпус реалиялардың аудармаларына, олардың барабарлығына, қателіктерге, қолданылған ең тиімді тәсілдерге микро- және макроскопиялық талдау жасауға мүмкіндік береді;

- С. Елубайдың “Ақ боз үй” романындағы реалиялардың орыс тіліндегі және ағылшын тіліндегі аудармаларында доместикация стратегиясы басым;

- түпнұсқадан аударылған аударма аралық тілден жасалған аудармаға қарағанда барабар болып келеді. Аралық тілден жасалған аудармада семантикалық қателіктер көбірек болады;

- көркем прозадағы реалиялардың аудармасында реалияның тек денотативті мағынасы мен ұлттық-тарихи бояуы ғана емес, сондай-ақ формасы, семантикалық компоненттерінің контекстуалдық маңызы ескерілуі керек;

- көркем прозадағы реалияны аударудың ең тиімді тәсілі – мәтін ішіндегі экспликациясы бар транслитерация/транскрипция;

- көркем прозадағы реалияны аударғанда бөгде мәдениетті сыйлау, аудармалардың бірізді, үнемді, тіркесімді болуын қамтамасыз ету ережелерін сақтау керек. Сондай-ақ, аударманың көркем проза стилімен үйлесуін қадағалау қажет.

Жұмыстың талқыланылуы мен мақұлдануы. Зерттеу жұмысының нәтижесінде 11 мақала: Скопус (Scopus) мәліметтер базасына кіретін ғылыми журналда 2 мақала (Q1 және Q3), РИНЦ мәліметтер базасына кіретін журналда 1 мақала, ҚР Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒССКК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 3 мақала, халықаралық ғылыми конференциялардың жинақтарында 5 мақала жарияланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, екі қосымшадан тұрады. Қосымшаларсыз диссертация көлемі – 199 бет. А-қосымшада С. Елубаймен сұхбат келтіріледі. Ә-қосымшада 221 бет көлемінде үштілді параллель корпус берілген.